

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №14 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 196 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 шілдеде № 4468 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қаңтардағы № 10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 23.01.2017 № 10 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы №3-1/600 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 желтоқсанда №9987 тіркелді) сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №14 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4262 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 ақпандағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М.К.Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және

бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.К.Өтеғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Көлгінов

2016 жылғы 24 маусымдағы № 196
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына қосымша
2016 жылғы 19 қаңтардағы №14
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысымен бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге	М а л шаруашылығы
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	3196	17883	57154	
Етті бағыттағы мал шаруашылығы						
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	бас	18000	65665	1181970	
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20000	9000	180000	
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104000	200	20800	
2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154000	2847	438438	
3.	Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату					
1)	1-деңгей	кг	300	24942	7483	
4.	Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24000	1000	24000	
	Барлық сомасы				1852691	
Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы						
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық					

1)	басы	бас	20000	1179	23580
2. Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154000	51	7854
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал	бас	118000	350	41300
3. Сүт өндірісінің құнын арзандату					
1)	1-деңгей	кг	25	755620	18890
2)	3-деңгей	кг	10	366609	3666
Барлық сомасы					95290
Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы					
1. Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату					
1)	2-деңгей	дана	2,6	46750578	121552
Барлық сомасы					121552
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	кг	98	350000	34300
Барлық сомасы					34300
Қой шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басы	бас	1500	40419	60628,5
2)	асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	1500	14581	21871,5
2.	Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	1000	8000
3. Қой еті (козы еті) өндірісінің құнын арзандату					
1)	2-деңгей	кг	100	4920	492
Барлық сомасы					90992
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40000	114	4560
2.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	кг	92	39989	3679
3.	Қымыз өндірісінің құнын арзандату	кг	60	7534	452
Барлық сомасы					8691
Барлығы					2260670

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:
кг – килограмм.